

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	083
Жинақтағы беттері	388-393
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 342:351.74
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Әкім Абылайхан
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, з.ғ.м. Ерёменко Н.С.
Мақала атауы	ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

Менің ойымша, иә.

Белгіленген құқықтық жағдайдың болуы қорғауды жүзеге асырудың ең маңызды және бастапқы элементі болып табылады. Құқықтық позицияның толыққанды қалыптасуы, атап айтқанда, қылмыстық іс жүргізу материалдарын жан-жақты зерделеу нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Осылайша, құқықтық мемлекетте азаматтарға қандай да бір құқықтарды қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар оларды қорғауға және жүзеге асыруға процессуалдық тұрғыдан толық мүмкіндік беру маңызды, бұл ретте адвокаттар мен заңгерлер олардың құқықтары мен құқықтарын қорғауда сенімді көмекшілер болып табылады. бостандықтары үшін олардың мәртебесін нығайту және құқықтық өкілеттіктердің барынша кең ауқымын қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болуы тиіс.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI Заңы (2023 жылғы 1 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. -Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000176>

2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі No 231-V ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. [Электрондық ресурс]. -Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231>

3. Назханов Т., Аққұжанов Е Пасечникова Н. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының ғимараттарында және аумағында смартфондарды пайдаланатын адвокаттардың мәселесі туралы» [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33125096](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33125096)

4. Ішкі істер министрінің 08.01.2016 No 1 бұйрығы [Электрондық ресурс]. -Кіру режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33218894](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33218894)

5. Бас Прокурордың және Ішкі істер министрінің бұйрығы [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35904337&pos=3;-90#pos=3;-90](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35904337&pos=3;-90#pos=3;-90)

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39721841](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39721841)

ӘОЖ 342:351.74

### ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

**Әкім Абылайхан**

[ternovayans@mail.ru](mailto:ternovayans@mail.ru)

Заң факультетінің Ю-40-21к 4-курс студенті

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, з.ғ.м. Ерёменко Н.С.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 8-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады [1].

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңында ішкі істер органдарын (ПО) - адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы деп түсіндіреді [2].

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» заңына сәйкес, полиция қызметкерлерінің негізгі құқықтары:

- қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;
- заңдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;
- қылмыстардың алдын алу және тергеу;
- қоғамдық қауіпсіздікті сақтау;
- әкімшілік құқық бұзушылықтармен күресу [2].

– Полиция қызметкерлерінің құқықтық мәртебесін толық ашу мақсатында, ПО-ның міндеттерін және құзыретін түсінуіміз қажет.

Кесте 1 - Ішкі істер органдарының құзыреті

Ішкі істер органдарының міндеттері	Ішкі істер органдарының құзыреті
құқық бұзушылықтар профилактикасы; қоғамдық тәртіпті сақтау; қылмыстылықпен күрес; қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазаларды орындау;	құқық бұзушылықтар профилактикасы; қоғамдық тәртіпті сақтау; қылмыстылықпен күрес; қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазалауларды орындау; жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету; қару айналымын мемлекеттік реттеу; күзет қызметін бақылау; мемлекеттік күзет объектілерін қорғау; террористік тұрғыдан осал объектілердің қорғалуын бақылау; көші-қон саясатын іске асыру; реадмиссия міндеттемелерін орындау; жеке басты куәландыратын құжаттарды дайындау және ЖСН ұлттық тізілімін жүргізу; лицензиялау және рұқсат беру қызметін жүзеге асыру; әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізу; қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау және тергеу; жедел-іздістіру мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу; сараптамалық зерттеулер жүргізу; іздестіру шараларын жүзеге асыру; есірткі, психотроптық заттар айналымын бақылау және олардың заңсыз таралуына қарсы іс-қимыл жүргізу; қылмыстық процеске қатысушыларды мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ету; қылмыстық-атқару жүйесінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және арнаулы мекемелерде ұстауды ұйымдастыру; мемлекеттік қызметтер көрсету; халықаралық ынтымақтастықты дамыту; Қазақстан Республикасының заңдарында және мемлекеттік актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындау.

Жауапкершілікке келетін болсақ, полиция қызметкерлері өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған немесе заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады. Тақырып әкімшілік құқық институтына тиесілі болғандықтан, әкімшілік құқық аспектісін қамтимыз.

«Понятие и виды мер административного принуждения» атты мақаласының авторы К.Щербакованың мәлімдеуінше, әкімшілік құқық бұзушылықтар – бұл заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін және әкімшілік жауапкершілікке алып келетін құқыққа қайшы әрекеттер немесе әрекетсіздіктер дейді [3;39].

Полиция қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу функциялары жұмысына байланысты күрделі болып келеді. Дегенмен де, қоғамдық тыныштықты сақтау ПО-ы қызметкерлерінің міндеті болғандықтан, полиция қызметкерлері әкімшілік құқық бұзушылықтармен күресу үшін келесі шараларды жүзеге асырады:

Әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау: Қазақстан Республикасының «Әкімшілік

құқық бұзушылық туралы» кодексiне сәйкес, полиция қызметкерлерi құқық бұзушылық туралы хаттама толтыруға құқылы; видеобақылау жүйелерi мен патрульдік қызметтің көмегімен қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтарды тіркейді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету: Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» заңына сәйкес, полиция қоғамдық тәртіптің сақталуын бақылау міндетін атқарады; жаппай іс-шаралар кезінде құқық бұзушылықтардың алдын алады.

Әкімшілік жаза қолдану және жауапкершілікке тарту: полиция қызметкерлері әкімшілік құқық бұзушылық жасаған азаматтарға ескерту жасау, айыппұл салу, әкімшілік қамауға алу жазалары қолданады; әкімшілік істер бойынша құжаттарды сот органдарына жолдайды.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары: жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді; қоғамдық орындарда патрульдеу және рейдтік шаралар ұйымдастырады [4].

Полиция қызметін толық түсіну мақсатында полициялық құқық саласын түсінуіміз абзал. Е.Андреевскийдің «Полицейское право» еңбегінде полициялық құқық — бұл құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық нормалардың жиынтығы дейді. Оның түсінігінде осы сала қылмыстарды алдын алу, ашу және олармен күресу үшін қолданылатын әдістер мен құралдарды анықтайды екен [5;16].

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында құқықтық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды қызметтердің бірі – учаскелік полиция қызметі. Учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілері қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтарды анықтауға, азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған әртүрлі міндеттерді орындайды. «Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрық осы қызметтің тиімділігін арттыру, полиция қызметкерлерінің міндеттерін дұрыс орындауға бағытталған маңызды нормативтік құжат болып табылады.

Учаскелік полиция инспекторының негізгі мақсаты – қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмысқа қарсы күрес жүргізу және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» заңында және Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде нақты көрсетілген. Учаскелік полиция инспекторының негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

— Құқық бұзушылықтардың алдын алу: учаскелік инспекторлар өздерінің аймақтарында қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды және әкімшілік тәртіп бұзушылықтарды болдырмау үшін профилактикалық жұмыстар жүргізеді.

— Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету: полиция қызметкері қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында патрульдік қызмет атқарады, сондай-ақ құқық бұзушыларды анықтап, шаралар қолданады.

— Құқық қорғау қызметін қамтамасыз ету: учаскелік инспекторлар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді басты міндет деп біледі.

— Жедел ақпарат жинау: құқық бұзушылықтарды анықтау үшін учаскелік инспекторлар жергілікті тұрғындармен байланыс орнатып, олардың шағымдары мен өтініштерін қарастырады.

Учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілері – ішкі істер органдарындағы маңызды буын. Олар бірқатар маңызды міндеттерді орындай отырып, құқық

қорғау жүйесінде басты рөл атқарады. Олардың қызметін ұйымдастыруда келесі қағидалар басты назарға алынады:

— Жұмыс кестесінің нақты белгіленуі: учаскелік полиция инспекторларының жұмыс кестесі заңнамалық талаптарға сәйкес ұйымдастырылады. Олардың жұмыс уақыттары белгіленіп, қызмет көрсету барысында ешқандай кедергілер болмауы тиіс.

— Қызметкерлердің біліктілігін арттыру: учаскелік полиция инспекторлары мен көмекшілерінің кәсіби біліктілігін арттыру үнемі жүргізіледі. Олар құқық қорғау қызметінде кездесетін жаңа жағдайларға бейімделіп, қажет болған жағдайда арнайы тренингтер мен оқулардан өтеді.

— Бақылау мен есептілік: қызметкерлердің жұмысын бақылау үшін арнайы есеп жүйесі мен мониторинг жүргізіледі. Құқық бұзушылықтарды тіркеу және есепке алу процесі нақты және ашық болуы тиіс.

— Жеке қауіпсіздік шаралары: учаскелік инспекторлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы қауіпсіздік шаралары қабылданады. Олар қызметте жүргенде заңды және жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әрқашан дайын болуы керек [6].

Қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ішкі істер органдарының атқаратын рөлі зор. Олардың маңызды міндеттерінің бірі – халықпен тікелей байланыс орнатып, полиция қызметінің ашықтығын және тиімділігін қамтамасыз ету. Бұл үдерісте учаскелік полиция инспекторларының халық алдындағы есептік кездесулері ерекше маңызға ие. Олар жергілікті қауымдастықпен байланыс орнатып, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтарға қарсы күресу, құқықтық сауаттандыру мен азаматтардың полицияға деген сенімін арттыру мақсатында жүзеге асырылады. Осы мақалада учаскелік полиция инспекторларының есептік кездесулері туралы заңнамалық талаптар мен олардың қоғамдық қауіпсіздікке әсері қарастырылады.

Учаскелік полиция инспекторларының есептік кездесулерінің маңызы орасан зор. Себебі:

– Қоғамдық тәртіпті сақтау: полиция қызметі туралы азаматтардан пікір алу, олардың сұрақтары мен ұсыныстарын тыңдау қоғамдық тәртіпті сақтауға әсер етеді.

– Құқық бұзушылық профилактикасы: халықты құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары туралы ақпараттандыру және оларды бұл мәселеге тарту.

– Полицияға деген сенімділік арттыру: ашықтық және есептілік азаматтардың полицияға деген сенімін арттырады, құқық қорғаушылар мен қоғам арасында тығыз қарым-қатынас орнатады.

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, учаскелік полиция инспекторының халық алдындағы есеп беруі аумақтық полиция органының басшылығы мен жергілікті атқарушы орган өкілдерінің қатысуымен өткізіледі. Бұл кездесулердің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

– Ашықтық және жауапкершілік: есептік кездесулер жергілікті қауымдастық алдында учаскелік полиция инспекторларының ашықтығын, жауапкершілігін және есептілігін арттыруға бағытталған. Азаматтар полиция қызметкерлерінен құқық қорғау органдарының әрекеттері туралы ақпарат алып, олардың қызметін бақылау мүмкіндігіне ие болады.

– Құқықтық сауаттандыру: есептік кездесулер азаматтарға құқық бұзушылық профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат береді. Бұл шаралар халықтың құқықтық сауаттылығын арттырады.

– Қоғамдық бақылау жүйесін дамыту: қоғамдық бақылау жүйесінің дамуы полиция қызметінің ашықтығын және тиімділігін қамтамасыз етеді. Жергілікті тұрғындардың полиция қызметіне қатысуы құқық қорғау органдарының жұмысын жақсартады.

– Құқық бұзушылықтарды алдын алу: есептік кездесулер құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық тәртіпті сақтаудың тиімді әдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл

шаралардың арқасында полиция мен жергілікті тұрғындар арасында тиімді байланыс орнатылады [6].

Мемлекеттік портал сайтында полиция қызметкеріне қойылатын талаптар жарияланған. Полиция департаменті ішкі істер органдарына қатардағы және офицерлік құрам лауазымдарына қызметке қабылдауды жүзеге асырады: 35 жасқа дейін, сәйкес білімі бар, Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери қызмет немесе әскери даярлықтан өткен, әскерге шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырылған азаматтар.

Үміткерлер конкурс жарияланғанға дейін ҚР заңнамасын білуге және ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуді тапсырады. 2 тестілеу бағдарламасы бекітілді (офицерлер - 2 және 3 бағдарлама). Сертификат алғаннан кейін ӘДК-нен өту үшін олардың қызметке жарамдылығын анықтау үшін полиграфологиялық зерттеуге жіберіледі.

Үміткерлер дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсырады, әңгімелесуден өтеді. Іріктеу нәтижелері бойынша үміткер бастапқы кәсіптік даярлық курстарынан өтеді, ол қызмет ету мерзіміне теңестіріледі. Оқуды бітіргеннен кейін арнаулы атақ беріле отырып, лауазымға тағайындалады. Бастапқы дайындық аяқталғаннан кейін үміткер ішкі істер органдарында кемінде 3 жыл қызмет етуі керек. Көрсетілген мерзім өткенге дейін жұмыстан босатылған жағдайда оқуға жұмсалған қаражатты өтеу қажет.

Полиция қызметкерлеріне арналған әлеуметтік кепілдіктер:

– ақшалай қаражат, мөлшері жыл сайын қызмет өтілі мен арнаулы атағына байланысты артады;

– жыл сайынғы ақылы демалыс, қосымша мереке күндері және демалыс орнына бару және қайту жолы қосылады;

– демалыс және науқастану кезеңінде қызметкерлердің жалақысы толық көлемде сақталады;

– табыс салығы салынбайды;

– 48 астағы зейнеткерлік жас белгіленді;

– зейнеткерлікке шыққан кезде айлық ақшалай қамтудың 3-тен 8-ге дейінгі айлықақысы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;

– ПО қызметкерлері және олармен бірге тұратын олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ ПО зейнеткерлері ПО емханасы бар госпитальдарда тегін қызмет көрсетеді, және де жеңілдетілген санаторий-курорттық қызмет көрсетеді.

– қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарақат, контузия алған қызметкерлер толық сауығып кеткенге дейін ауруханада болуы мүмкін және санаторий-курорттық емделуге тегін жіберіледі;

– тұрғын үй алаңын бірінші кезекте қамтамасыз ету және балаларды балабақшада орынмен қамтамасыз ету;

– қызметте 10 жылдан астам тұрған қызметкерлердің тұруы үшін атқаратын қызметтік тұрғын үйге теңестірілген тұрғын үй олардың қалауы бойынша қалдық құны бойынша меншікке сатып алынуы мүмкін. Жеке тұрғын үйі жоқ қызметкерлерге отбасының әрбір мүшесіне тұрғын үй төлемдері төленеді;

– тегін нысанды киім-кешекпен қамтамасыз етіледі.

– Үміткерлерге біліктілік талаптары белгіленген:

– Бойы – ерлер үшін - 170 см – ден төмен емес, әйелдер үшін-160 см-ден төмен емес.

– Білімі-жоғары заң, педагогикалық, арнаулы орта – «құқықтану», «халықаралық құқық», «бастапқы әскери дайындық», «дене шынықтыру және спорт» [7;1].

– Әкімшілік полиция қызметінің жұмысын жетілдіру мақсатында келесідей ұсыныстарды енгіземіз. Қазақстанда, әсіресе ауылдық жерлерде, полиция қызметкерлері мен тұрғындар арасында сенімнің төмендігі байқалады. Бұл, өз кезегінде, қылмыстарды алдын алу мен ашу жұмыстарында қиындықтар тудырып, қоғамдық тәртіпті сақтауға кедергі келтіреді.

Тұрғындар полицияның қызметіне жеңіл қарайды, бұл олардың құқық қорғау органдарына көмек көрсетуге, қылмыстарды хабарлауға және құқық бұзушылықтармен күресуге ынтасын төмендетеді. Аталған мәселелердің шешу жолдары төменде көрсетілген:

– Полиция қызметінің ашықтығын арттыру үшін учаскелік полиция инспекторларының халық алдындағы есептік кездесулерін ұйымдастыру, полиция қызметінің нәтижелері мен жоспарларын жариялау. Бұл тұрғындарға полиция жұмысының тиімділігін көрсетіп, сенімділікті арттырады.

– Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында азаматтарға құқықтық білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыстарға қарсы күрес туралы ақпараттандыру.

– Қоғамдық бақылауды дамытудағы үрдісте, қоғамдық кеңестер мен азаматтық қоғам ұйымдарының полиция қызметіндегі халықпен жұмыс жасау тәсілдерін өзгерту. Бұл полиция қызметкерлерінің жұмысын бақылап, оны қоғамдық қажеттіліктерге сай жүргізуге ықпал етеді.

– Полиция қызметкерлерін біліктілік пен этикасын арттыру үшін құқық оларды арнайы біліктіліктерді жоғарлату курстарына оқуға жіберіп отыру, бұл олардың қызметін халықтың мүдделеріне сай жақсартады.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қызметі қоғамдағы құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Полиция қызметкерлерінің кәсіби құзыреті мен моральдық-этикалық деңгейі олардың қоғаммен қарым-қатынасына, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қылмыстарды ашуға әсер етеді. Полицияның жұмысының тиімділігі көбінесе халықпен дұрыс байланыс орнатуға, қоғамдық бақылаудың дамуына және полиция қызметінің ашықтығына байланысты.

Полиция органдары қызметінің ашықтығын арттыру, халықпен тікелей байланыс орнату, құқықтық сауаттылықты арттыру және қоғамдық бақылауды дамыту шаралары өте маңызды. Учаскелік полиция инспекторларының есептік кездесулері, құқықтық білім беру бағдарламалары және азаматтық қоғам ұйымдарының қатысуы полиция қызметінің сапасын жақсартуға және қоғаммен ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Полиция қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру және олардың этикалық нормаларын сақтау мәселелері де өзекті болып табылады. Бұл ретте құқық қорғау органдарының қызметкерлері халықтың мүдделерін ескере отырып жұмыс істеуі керек, себебі олардың жұмысы тек қылмыстарды ашумен шектелмей, халықтың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау міндетін де қамтиды.

Осылайша, құқық қорғау органдарының жұмысын жақсарту үшін арнайы шараларды қабылдау қажет, бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық тәртіпті сақтау мен заңның үстемдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>
3. Щербакowa, К. В. Понятие и виды мер административного принуждения /| Молодой ученый. — 2017. — № 33 (167). — С. 38-41.
4. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z41>
5. Андреевский, Иван Ефимович (1831-1891). Полицейское право : [В 2-х т.] / И. Е. Андреевский. - 2-е изд., испр. и доп. - СПб., 1874-1876. - 2 т.
6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Учаскелік полиция пунктінің жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту